

Жаз мезгілінің

КАРТОТЕКАСЫ

*Балдырған ортаңғы аралас
кіші тобы 3-4 жас*



Серуен №1

1. Бақылау:

Ауладағы қыдырып жүрген мысыққа бақылау жасау.

Мақсаты: Ауладағы қыдырып жүрген мысық туралы әңгімелесу.

1. Көркем сөз:

Бала мысық батыл-ақ,
Тышқан ұстау талабы.
Сылдыр етсе жапырақ,
Дереу бұға қалады.

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.

1. Еңбек. Аула сыпырушыға көмектесу.

Мақсаты: Үлкендердің еңбегін бағалауға баулу.

2. Жеке жұмыс. Балалармен мысық туралы тақпақтар жаттау.

Мақсаты: Таппақ жаттау арқылы туралы білімдерін кеңейту.

3. Ойындар: «Тышқан мен мысық»

«Ормандағы аюлар»


«Кім тез жетеді?»

Мақсаты: Қимыл қозғалысын дамытып, келісіп ойнауға үйрету.



Серуен №2

1. Бақылау: Бала-бақша ауласының тазалығын бақылау.
Мақсаты: тазалыққа, әсемдікке баулу.
Шығармашылықтарын байыту.
1. Көркем сөз.
Тазалық-денсаулық кепілі.(мақал)
2. Еңбек.Телімдегі қағаз және ағаш қалдықтарын жинастыру.
Мақсаты:Жер телімін таза ұстауға үйрету.
1. Жеке жұмыс.Бала-бақша туралы өлеңдерін қайта айту,
әңгімелету.
Мақсаты:Шығармашылықтарын дамыту.
1. Ойын: *«Кімшапшаң?»*
«Ұтып ал»
«Дәл тигіз».
Мақсаты:Шапшаңдылыққа, ептілікке, дәлдікке баулу.



Серуен №3

1. Бақылау:

Ауа-райын бақылау.

Мақсаты: Ауа – райының өзгерісіне көңіл аудару.

Адамдар қалай киінген? Неге?

1. Қимылды ойындар:

«Қуыспақ»

«Ақ серек, көк серек»

Мақсаты: Шапшандылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс.

Бір аяққа секіруге жаттықтыру.

Мақсаты: Қимыл қозғалысты дамыту.

1. Еңбек.

Телімді сыпыру, артық заттарды жинастыру.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

Жұмбақ жасыру.

Жұрттың бәрі, оны сүйеді,

Бірақ қарағысы келмейді.

(күн)

Желмен ұшып жетеді,

Желмен ұшып кетеді. (бұлт)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №4

1. Бақылау:

Күннің көзін бақылау.

Мақсаты: Адамдарға жылулық силайтын күнді әңгімелеу.

1. Көркем сөз.

Күншуақ

Жайлауым қандай көк еді

Жол-дағы жатыр тыншып-ақ

Күн нұрын көктен төгеді,

Ғажап қой қара күншуақ. (А.Сопыбеков)

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

1. Еңбек.

Телімдегі қағаз қалдықтарын жинау.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. 1 – ден 5-ке дейін тура және кері санату.

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.

1. Ойындар: «Кім артық?»

«Қаздар»

«Даусынан таны»

Мақсаты: Дәлдікке, аңғарымпаздылыққа баулу



Серуен №5

1. Бақылау

Ауа – райын бақылау.

Мақсаты: Ауа райындағы өзгерістерді әңгімелеу.

1. Қимылды ойындар: «Қасқыр қақпан»

«Түлкі мен қаздар»

«Кім тез жүгіреді?»

Мақсаты: Шапшандыққа, ептілікке баулу.

1. Жеке жұмыс.

Үйрекше жүру. (1-2 баламен)

Мақсаты: Қимылды дұрыс орындауға дағдыландыру.

1. Еңбек.

Құмды бір жерге үйіп, үстінен су шашу.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

1. Жұмбақ жасыру.

Төңірегі тең көрініп,
Теген жатыр төңкеріліп,
Жас та сыйған, кәрі сыйған,
Астына оның бәрі сыйған.

(аспан)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №6

1. Бақылау

Ағаштарға бақылау жасау.

Мақсаты: Ағаштардың бөліктерін, түрлерін айтып аттарын қайталау.

1. Қимылды ойындар:

«Кімнің дауысы?»

«Мысық пен тышқан»

Мақсаты: Аңғарымпаздылыққа, шапшандалыққа баулу.

1. Жеке жұмыс.

Лек бойынша жүру.

Мақсаты: Лек бойынша жүруге дағдылау.

1. Еңбек.

Гүлдерге су құю.

Мақсаты: Табиғатты аялауға тәрбиелеу.

1. Көркем сөз

Жаз келіпті дегенше
Алма пісті дегейсің
Бағымызда, ендеше,
Алма теру көбейсін.

Мақсаты: Шығармашылығын байыту.



Серуен №7

1. Бақылау: Бұлтты бақылау.

Мақсаты: Бұлттың түрлі пішін жасауын бақылау. Неге ұқсайтынын әңгімелеу.

1. Қимылды ойындар: «Қарағайлы ормандағы аю»

«Кім жалаушаға тез жетеді?»

Мақсаты: Ептілікке баулу.

1. Жеке жұмыс. 5-6 баламен еңбек туралы мақалдар жаттау.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

1. Еңбек. Аққан суларға жол ашу.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу

1. Көркем сөз. Бұлт торлады аспанды

Күн көзінен жас тамды

«Жылауық бұлт» дейміз біз

Көп жылайтын асқарды.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.



Серуен №8

1. Бақылау. Аула сыпырушының еңбегін бақылау.

Мақсаты: Үлкендердің еңбегін бағалауға тәрбиелеу

1. Ойындар: *«Ұстап ал»*

«Біз көңілді баламыз»

Мақсаты: Ойын арқылы көңіл көтеріп, ептілікке баулу.

Жеке жұмыс. Көрсетілген белгіге дейін ара қашықтықта (4 метрдей) түлкі, сияқты жүру

Мақсаты: Қимылды дұрыс жасауға дағдылау.

1. Еңбек. Жолды тазалау.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

1. Көркем сөз. Еңбек

Гүл өсірсен терлеп

Мұның аты еңбек

Кесте тіксен зерлеп

Мұның аты еңбек

Сабағынды жөпдеп

Әзірлесен еңбек

Еңбек бәрін жеңбек.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.



Серуен №9

1. Бақылау. Желді бақылау.

Мақсаты: Желдің бағытын қадағалау.

1. Қимылды ойындар: *«Жалаушаға дейін жүгір»*

«Кім жылдам?»

Мақсаты: Шапшандылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. Секіргіш арқылы секіру.

Мақсаты: Дене қимылын дамыту.

1. Еңбек. Гүлзарлардағы гүлдерге су құю.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

5. Көркем сөз. Дөңгеленіп өседі,
Желмен бірге көшеді.

(қаңбақ)

Кейде сипап өтер

Кейде ұйпап өтер. (Жел)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №10

1. Бақылау: Аспанды бақылау.

Мақсаты: Аспанда не бар екенін, ашық па екенін қадағалап әңгімелеу.

1. Қимылды ойын: «*Қуыспақ*»

«*Бұлақтан өту*»

Мақсаты: Ептілікке, шапшандылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. Шеңберден еңбектеп өту, жерден 10 см жоғары болу керек. (1-2 баламен) Мақсаты: Еңбектеуге жаттықтыру.

2. Еңбек. Түскен жапырақтарды жинау. Мақсаты: Тазалыққа баулу.


5. Көркем сөз: Көк аспанға қарасаң
Қызықтар көп орасаң
Күнді өзің білесің
Күнде көріп жүресің.

Мақсаты: Шығырмашылығын байыту.



Серуен №11

1. Бақылау: Ауа-райынбақылау.
Мақсаты: Ауа-райындағы өзгерістерді әңгімелеу.
1. Ойындар: *«Кім тез атайды?»*
«Телефон»
Мақсаты: Шапшандылыққа баулу.
1. Жеке жұмыс. 1-2 баламен жыланшажүруді қайталау.
Мақсаты: Қимыл қозғалысты дамыту.
1. Еңбек. Аула сыпырушыға көмектесу.
Мақсаты: Тазалыққа баулу.
1. Жұмбақ жасыру. Аспандабірана бар,
Маңы толған балалар.
(Ай мен жұлдыздар)
Кездеспейді екеуі,
Көкаспандамекені.
(Ай мен Күн)



Серуен №12

1. Бақылау: Ағаш жапырақтарының түсін бақылау.

Мақсаты: Жаз мезгіліндегі жапырақтардың түсін бақылап, айыра білуге үйрету.

1. Ойындар: «*Ормандағыаю*»
«*Өз парыңды тап*»

Мақсаты: Дәлдікке, ептілікке баулу.

1. Жеке жұмыс. Саз сабағындағы өлеңдерді 1-2 балаға айтқызып, қайталату.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

1. Еңбек. Телімдегі құмды көтеру.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

1. Тақпақ оқу. Бір орманда әр ағаш

Өскен жақсы аралас

Ең әдемі меніңше

Құс ұясы бар ағаш.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.



Серуен №13

1. Бақылау: Құстардың ұшуын бақылау.
Мақсаты: Құстардың қай жаққа ұшып бара жатқанын бақылау.

2. Ойындар: «*Кімнің жалаушасы?*»
«*Ұшты- ұшты*»

Мақсаты: Дәлдікке, шапшандылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. Заринаға мүсіндеп үйрету.
Мақсаты: Мүсіндеуге үйрету.

1. Еңбек. Телімдегі керек емес заттарды жинастыру.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

5 Жұмбақ жасыру. Тұмсығымен ояды,
Ағаш құртын жояды.

(Тоқылдақ)

Биікте ұшып жүреді,

Елік, қоян бүреді,

Қия таста ұясы,

Бұл құсты кім біледі?

(Бүркіт)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №14

1. Бақылау. Күнді бақылау.

Мақсаты: Күннің сәуле шашуын, қыстағы кезбен салыстыру.

1. Қимылды ойындар: «Күн мен түн», «Ұшты-ұшты»

Мақсаты: Ептілікке, шапшандылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. 5-6 баламен жерге асфальтқа сурет салу.

Мақсаты: Эстеткалық талғаын ояту.

1. Еңбек. Телімдегі ағаш сынықтарын, қағаз қалдығын, әйнек т.б. заттарды жинау.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

1. Көркем сөз. Өрік, алма

Шие, алша піседі

Қауын, қарбыз

Қияр, сәбіз

Дүкендерге түседі

Бөбектерім айтыңдаршы

Бұл қай мезгілде болады. (Жаз)

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.



Серуен №15

1. Бақылау. Жолдағы бағдаршамға бақылау жасау.

Мақсаты: Бағдаршамның көзі жанғанына байланысты қозғалысты бақылау.

2. Қимылды ойындар: «Жапалақ», «Бағдаршам», «Ақ серек, көк серек»

Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу.

3. Жеке жұмыс. 2-3 балаға аяқ киімінің бауын байлауға жаттықтыру.

Мақсаты: Бау байлауға үйрету.

1. Еңбек. Өз киімдерін мұқият ретпен киіну.

Мақсаты: Өз киімдерін ретімен мұқият киінуге, бауын байлауға жаттықтыру.

5. Көркем сөз. Жұмбақ. Үш көзді батыр,
Жолды аңдып жатыр.

(Бағдаршам)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №16

1. Бақылау. Ауа-райын бақылау.

Мақсаты: Ауа-райының өзгешелігін, ерекшелігін көрсету.

1. Қимылды ойындар: «Қарағайлы ормандағы аю», «Секіріп өт».

Мақсаты: Ептілікке, шапшандылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. 3-4 балаға кеудеден допты лақтырту.

Мақсаты: Допты дұрыс лақтыруға жаттықтыру.

1. Еңбек. Телімдегі сынған ағаш қалдықтарын жинастыру.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

5. Көркем сөз. Жұмбақ. Өсіп тұрған бұл не?

Жаз болса жайнап,

Саясында ән салып,

Құстар жүрген сайрап.

(ағаш)



Серуен №17

1. Бақылау. Телімдегі жәндіктерді (көбелек, қоңыз) іздеп тауып, бақылау.

Мақсаты: Жәндіктердің тіршілігін бақылау.

2. Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек», «Аққу-қаздар».

Мақсаты: Шапшандылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. Дене шынықтыру жаттығулары.

Мақсаты: Қимыл қозғалысты дамыту.

1. Еңбек. Телімді тазалау.

Мақсаты: Тазалыққа баулу.

5. Жұмбақ жасыру. Ұшқанда өлең айтады,
Қонғанда жер қазады.
Мұны да ойлап көрейік,
Шешуін кім табады?

(қоңыз)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №18

1. Бақылау. Бақшаны бақылау.

Мақсаты:Бақшадағы көкөністермен танысу.

2. Қимылды ойындар: «Кімнің дауысы?»,
«Қуыспақ».

Мақсаты:Аңғарымпаздылыққа, шапшандыилыққа баулу.

1. Жеке жұмыс.1-2 баламен сызықтар арасымен жіңішке жолмен жүру.

Мақсаты:Бір ізбен жүруге дағдыландыру.

1. Еңбек.Аула сыпырушыға көмектесу.

Мақсаты:Тазалыққа баулу.

5. Жұмбақ жасыру. Үстіне тігілген көк шатыр,
Астында қызыл дәу жатыр
(қызылша)
Аспай піскен,
Қайнамай түскен.
(жеміс)

Мақсаты:Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №19

1. Бақылау. Құстарды бақылау.

Мақсаты: Құстар әнін тыңдап бақылау.

2. Қимылды ойындар: «Аққу-қаздар», «Аю мен аралар»
«Ұстап ал».

Мақсаты: Шапшандылыққа, ептілікке баулу.

1. Жеке жұмыс. Дала жануарлары мен үй жануарларының айырмашылықтарын көрсету.

Мақсаты: Жануарларды айыра білуге үйирету.

1. Еңбек. Құмды көтеру. Шөптер жұлу.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

5. Жұмбақ жасыру. Қайталап атымды,
Көктемде ән саламын.
Кез келген ұяға
Жұмыртқа саламын.
(көкек)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №20

1. Бақылау. Жәндіктерді бақылау.

Мақсаты: Шыбын, шегіртке т.б. айырмашылығын атап айту.

2. Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек», «Ақ қоян»,
«Даусынан таны»

Мақсаты: Аңғарымпаздылыққа, шапшандылыққа баулу.

1. Жеке жұмыс. Тақпақ, жұмбақ жаттау, қайталау.

Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

1. Еңбек. Телімдегі гүлге, ағашқа су құю.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

5. Көркем сөз. Жұмбақ. Ызындап ән салады,
Жүп-жүқа қанаты.
Тәттіге тамсанып,
Қоқысқа қонады.
(шыбын)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №21

1. Бақылау. Аспанды бақылау.

Мақсаты: Аспанда не бар екенін, ашық па екенін қадағалап әңгімелеу.

2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Кім қарды алысқа лақтырады?», «Қуыспақ».

Мақсаты: Шапшандылыққа, дәлікке баулу.

3. Жеке жұмыс. Ойын-жаттығулар: Лабиринт бойынша ұзақ жол.

Мақсаты: Қимыл-қозғалысын дамыту.

4. Еңбек. Аққаланың үстіне қар қалау.

Мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу.

5. Жұмбақ жасыру. Ақ сандығым ашылды,
Ішінен жібек шашылды.

(күн)

Төбемізде тұрады,
Көгілдір боп әрдайым.

(аспан)

Мақсаты: Есте сақтау қабілетін дамыту.



Серуен №22

1. Бақылау. Құстарды бақылау.
Мақсаты: Құстардың тіршілігін бақылап, олар жайлы әңгімелеу.
1. Қимылды ойындар: «Қуыспақ», «Қасқыр қақпан».
Мақсаты: Шапшандылыққа, ептілікке баулу.
1. Жеке жұмыс. 1-2 баланы жүру белгісі бойынша жүрістерін өзгерту. «Белгіні тыңда».
Мақсаты: Белгіні тыңдап, түрлі бағытта жүргізу.
1. Еңбек. Құстарға жем беру.
Мақсаты: Мейірімділікке тәрбиелеу.
5. Көркем сөз. Торғай, торғай, тоқылдақ,
Жерден тары шоқып ап.
Бөтегесі томпайып,
Шиық-шиық десіп отырады.
Мақсаты: Тілдік қорын байыту.

